

Б. О. Жумағалиев, криминалистика кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция лейтенанты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру барысында жауап алу-тергеу әрекетінің алатын орны

Аннотация. Мақалада сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдарды кәсіби деңгейде психологиялық курстарды тереңірек оқытуды ұсынған және психологиялық байланыс пен жауап алу тактикасын үйлестіре отырып жауап алу-тергеу әрекетін жүзеге асыру қарастырылған.

Түйін сөздер: психологиялық байланыс, жауап алу, сотқа дейінгі тергеп-тексеру.

Жауап алу — сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу барысында істің мән-жайының дұрыс шешілуінде маңызды рөл атқаратын, заңмен рәсімделген тәртіп бойынша жауап берушіден алуға бағытталған процестік әрекет. Жауап алу-тергеу әрекеттері арасындағы ең күрделісі болып келеді [i]. Бұл тергеу әрекетінде жауап алушы болып табылатын лауазымды адам, яғни тергеуші, анықтаушы немесе өзге де лауазымды адам жауап берушімен тиісті байланыс орнатуы тиіс. Ең біріншіден жауап алушы өз іс-әрекетіне жауапты болуы шарт, яғни оның әрбір жасаған іс-әрекеті заңды түрде және басқа адамдардың жеке құқықтары мен бостандықтарын шектейтін әрекеттерге жол бермеуі тиіс. Біздің ата заңымызда: «Қазақстан Республикасы — өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», — деп көрсетілген.

Бүгінгі күнде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдар, жауап берушіден жауап алу барысында өкінішке орай психологиялық қысым, дөрекілік, азаптау сияқты заңсыз іс-әрекеттерді қолданып жататын жайттар орын алып жатады. Осындай заңсыз іс-әрекеттерді болдырмау үшін алдын алу шараларын қолдануды ұсынамыз. Алдын алу шараларының бір ретінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдарды жауап алу барысында жауап берушімен психологиялық байланысты сауатты, дұрыс қалыптастыруды үйрету.

Жауап алудың нәтижелі болуы жауап берушімен дұрыс психологиялық байланыстың орнатылуымен ерекшеленеді. Жауап берушімен психологиялық байланыс орнату — бұл тергеушінің жауап беруші адамның шындықты айтуына және өз айғақтарын дұрыс беруіне әсер етуі [ii]. Психологиялық байланыс орнатудың негізгі тәсілдері:

- тергеуші жауап алынатын адамға іс-әрекеттердің шынайлығына көзін жеткізу және өзіне қатысты құрмет білдіру қатынасын ескеруі;
- тергеушімен сұхбаттасуға құштарлығын арттыру;
- жауап беретін адамға қамқорлық білдіру және оның құқығының, заңды мүдделерінің сақталуына көзін жеткізу;
- жауап алу барысында сабырлылық таныту;
- тіл мәдениетін сақтау.

Жауап алу барысында жауап берушінің мимикасына да көңіл бөлген жөн. Қазіргі кезде ғалымдардың зерттеуі көбінесе адамның мимикалық жағдайына баса назар аударуда. Осы мимика арқылы адамның шындықты айтуын немесе жалған сөйлеуін, сонымен қатар қобалжуын, алаңдауын байқауға болады. Осы әрекеттер жауап беруші адамнан да байқалады. Яғни біз жауап берушінің айтқан сөздері бойынша қайсысы шын немесе қайсысы жалған екендігін анықтауға болады. Мысалы, жауап берушінің айғақ беру кезінде қолының терлеуі, көзінің қайта-қайта қозғалуы, маңдайына қолының үздіксіз апаруы және тағы басқа әрекеттері болады. Осыған орай, психологиядағы профайлинг тәсілін пайдалануға болады.

Профайлинг — адамның психологиялық портретін жасаушы тәсіл, яғни бұл адамның іс-әрекетін сырттай бақылау арқылы жүзеге асырылады. Жауап алу кезінде жауап

берушінің іс-әрекетін бақылай отыра, жауап алушы адам оған айқындаушы, толықтырушы және нақтылаушы сұрақтар қоя отырып, болған оқиғаның шындыққа сәйкестігін аша алады [iii].

Бұл тек бастапқы кезеңі болып табылады. Егер, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдарға кәсіби деңгейде психологиялық курстарды тереңірек оқытатын болсақ, бұл өз кезегінде жауап алу-тергеу әрекетіне оң нәтижесін беретініне сенімдіміз. Сонымен қатар, күдіктінің шынайы жауаптар беруі көбіне тергеушінің қандай айла-тәсілдерді қолдана алғандығына байланысты. Осы мақсатта криминалистикалық тактикада бірқатар тәсілдер қарастырылған.

Күдіктінің өтірік айтып отырғанын әшкерелеу үшін қылмыстық істе осы факті бойынша жиналған басқа дәлелдемелерді, соның ішінде заттай дәлелдемелерді пайдалану қажет. Әртүрлі деректерді пайдаланудың да тәсілдері бар. Ең алдымен, дәлелдеме ретінде маңыздылығы төмендеу деректі күдіктіге көрсетіп, оны мойындамаса, онда бұдан гөрі маңызды, бұлтартпас деректерге көшіп, жалған жауап беріп отырғанын әшкерелеуге болады. Мәселен, күдіктінің бір пәтерден шыққанын біреу көрген, бірақ күдікті пәтерде болғанын мойындамады. Бұл жағдайда, сол үйден алынған қол іздерін осы күдіктінің қалдырғаны туралы дактилоскопиялық сараптама қорытындысымен таныстырып, тергеуші оның осы үйде болғанын мойындата алады, яғни күдіктінің мойындамауға қандай да бір шарасы қалмайды.

Күдіктіден жауап алудың тағы бір тактикалық тәсілдерінің бірі — бұл жауап алу барысында жедел-іздістіру шараларының деректерін пайдалану. Осындай деректер қатарына келесілерді жатқызуға болады:

– күдіктінің қылмыс оқиғасына қатыстылығын көрсететін, оның жасалған қылмыс жөнінде қаншалықты хабардар екендігін болжауға мүмкіндік беретін, тергеп-тексеру кезінде оның аталған іс-әрекеті нәтижесінде мүдделі екендігін ашатын деректер;

– қылмыстың жекелеген элементтерін айқындайтын немесе қылмыстың қандай жолмен жасалғандығын көрсететін деректер [iv].

Аталған деректерді жауап алу барысында пайдалану сипаты әртүрлі болып келеді. Егер, жауап алу тактикасын саралаған кезде ескеріліп, бірақ оның жауабында айтылмаса және жауапты тексеруге мүмкіндік беретін жолдар алдын ала ескерілмей, тек жауап алу барысында ғана ескерілсе, онда қылмыс оқиғасы және оның жасалу тәсілдері туралы жедел-іздістіру ақпараттары қолданылады.

Егер жауап беруші күдікті жедел-іздістіру шаралары барысында анықталмаған жағдайларды немесе тергеушінің назар аударған мәселелері бойынша қосымша мәліметтер берсе, ондай деректер ұсақ-түйегіне дейін мұқият сұралып, кейіннен егжей-тегжейлі тексерілуі керек.

Сонымен қатар, жалған жауап беріп отырған күдіктінің әрекеттерін әшкерелеудің тактикалық тәсілдерін үш топқа бөлуге болады:

1. Сезімге әсер ету тәсілдері:

– теріс көзқарас алып отырғандығына, оның жат қылықтық сипаты бар екендігіне көз жеткізу;

– жалған айғақ беруден пайда болатын құқықтық зардап және жауап алатын адамға жақын тұлғаларға тиетін зиянды түсіндіру;

– жауап алынатын адамның жақсы жақтарға әсер етуі.

2. Логикалық ықпал ету тәсілдері:

– жауап алынатын адам айғақтарын жоққа шығаратын дәлелдемелер ұсыну;

– жауап алынатын адамнан айғақтарын дәлелдеуді талап ететін дәлелдемелерді ұсыну;

– жауап алатын адам және онымен бірге қатысатындар арасындағы қарама-қайшылықтарды логикалық талдаудан өткізу.

3. Тактикалық комбинациялар (жауап алатын адамның теріс көзқарастарын әшкерелейтін жағдайды туғызу арқылы):

– тергеушінің істің мән-жайы туралы хабардар екендігін жауап алынатын адам алдында асыра көрсететін жағдай туғызу;

– тергеушінің қандай да бір жағдайлар туралы хабардар екендігін жауап алынатын адамға білдіртпеу [v].

Қорытындылай айтқанда, жоғарыда айтылған мәселелердің барлығы жауап алу барысында өте маңызды. Әсіресе психологиялық байланыс орнату, яғни бұл тәсілсіз жауап алудың мақсатына қол жеткізу қиынға соғады сол себепті бұған баса көңіл бөлген жөн.

Жоғарыда айтылып өткендей, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдар кәсіби деңгейде психологиялық курстарды өткені жөн. Сонымен қатар, тактикалық тәсілдерді қолданусыз жауап алу-тергеу әрекетін жүргізу нәтижесіз болуы мүмкін, сондықтан психологиялық байланыс пен тактикалық тәсілдерді үйлестіре отырып, жауап алыну тиісті, бұндай байланыс өз кезегінде оң нәтижесін беретіндігі сөзсіз.

РЕЗЮМЕ

Автор рекомендует углубленно изучать психологию лицам, осуществляющим досудебное расследование, а также рассматривает взаимосвязь тактических приемов и установления психологического контакта при производстве допроса.

RESUME

In the article the author recommends persons who carry out pre-trial investigation to teach the basics of psychology more in-depth, as well as the relationship of psychological contact to tactical interrogation techniques in the production of interrogation.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- i. Еркінов С. Е., Сұлтанов С. И. Тергеу әрекеттерінің тактикасы. — Алматы, 2002.
- ii. Белкин Р. С. Криминалистика. — М., 1999.
- iii. <http://damy-gospoda.ru/profajling-chto-eto-takoe/>
- iv. Гинзбург А. Я., Белкин Р. С. Криминалистическая тактика. — Алматы, 1998.
- v. Богинский В. Е. Рефлексивное управление при допросе: Учеб. пос. — Харьков, 1983.